



6TH FLOOR
CARDINAL PLACE
100 VICTORIA STREET
LONDON SW1E 5JL
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

Company registered in England and Wales
Company Number: 5180783

2012 жылғы 26 сәуір

Қазақмыс Тобының 2012 жылғы бірінші тоқсандағы өндірістік қызметінің нәтижелері

- **Өндіріліп шығарылған рудадағы мыстың көлемі 2011 жылдың осындай кезеңіндегіден жоғары болды**
 - Руданың өңделуіне қатаң ауа-райы жағдайлары мен руда тасымалдаудағы қиыншылықтар ықпалын тигізді
 - 2012 жылдың бірінші тоқсанында меншікті концентраттан катодты мыс өндірісі 65 мың тоннаны құрап отыр
 - Қордаланған руданы қайта өңдеу және Қоңырат кенішіндегі жұмыстардың қайта басталуы 2012 жылдың бірінші жартыжылдығында өндіру көлемін арттыруға тиіс.
 - 285-295 мың тонна мөлшеріндегі катодты мыс болатын жылдық жоспарлы көрсеткішке қол жеткізуге мүмкіндік беретін операциялық көрсеткіштер
- **Қосарлы өнімдер өндірісінің ауқымы да жылдық жоспарлы көрсеткішке қол жеткізуге мүмкіндік берер деңгейде**
 - Концентраттағы мырыш өндірісі 32 мың тоннаны құрап отыр
 - Бағалы металдар өндірісінің көлемі осындай кезеңдегі деңгейден артық болды
- **Kazakhmys Power**
 - Қазақстанда электр энергиясына деген жоғары сұраныс Екібастұздың ГРЭС-1 станциясында электр энергиясы өндірілімінің 11 пайызға артуына апарып, 3,960 ГВтсағатқа жеткізіп отыр.
- **Қаржылық бекем тұрғымыздың сақталуы**
 - Бухгалтерлік баланс ақшалай қаражаттардың таза ағынын байқатып отыр
 - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне 115 млн АҚШ доллары сомасына алтын сату соңына жеткізілді
 - 2011 жылдың қыркүйек айынан бері 150 млн АҚШ долларына кері сатып алу процесінің барысында барлығы 10,6 акция сатылып алынған

Басқарушы бас директор Олег Новачук былайша түсініктеме берді: «Жылдың басындағы үскірік аяз өндірістік қызметімізді қиындатып, ол өндірілген руданы өңдеу мен тасымалдау кестесінің бұзылуына ықпалын тигізді. Дегенмен де біз 2012 жылға нық сеніммен көз тігіп отырмыз. Жыл ішінде қайта өңделетіндей, руданың мол қоры қоймаларға жеткізілді. Бұл бізге алға қойған жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіншілік бермек. Энергетикалық бөлімше әлі де табысты қызметін жалғастырып келеді. Жыл соңында Екібастұз ГРЭС-1-де жаңа турбина орнатылатын болады да, ол өндірістік қуаттылықты 20 пайызға арттыруға мүмкіндік беретін болады. Бозшакөл кен орнына мердігер ұйымдар бір ай бұрын жұмылдырылып отыр. Қазір онда жоспарланған жұмыстар белсенді атқарылу үстінде».

Қазақмыс

Джон Смэлт	Корпоративтік байланыстар бөлімінің басшысы	Тел: +44 20 7901 7882
Ирина Третьякова	Қаржы талдаушысы	Тел: +44 20 7901 7814
Мақсұт Жапабаев	Алматыдағы Корпоративтік байланыстар бөлімінің басшысы	Тел: +77 27 3304 556
Зүлфира Мұхамедиярова	Астанадағы корпоративтік байланыстар бөлімінің менеджері	Тел: +77 17 2790 813
Мерлин		
Дэвид Саймонсон		Тел: +44 20 7726 8400
Мария Бабкина		Тел: +44 20 7726 8400

РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қазақмыс мыс, алтын, мырыш, күміс, электр энергиясын өндіруде елеулі активтері бар, табиғи ресурстарды өндіру және өңдеу жөніндегі жетекші халықаралық компания болып табылады.

Қазақмыс Қазақстандағы ең ірі мыс өндіруші әрі 18 кенішке, 10 тау-кен фабрикаларына және екі мыс балқытушы өндірістік кешенге ие болып отырған әлемдегі алда келе жатқан он мыс өндірушінің бірі болып табылады. Мыс өндірісі руда өндіруден бастап мыс катанкасын және катодты мыс түріндегі дайын өнім шығаруға дейін толықтай интеграцияланған. 2011 жылы меншікті рудадан 299 мың тонна катодты теңгерімдегі мыс өндіріліп шығарылды. Бұл өндіріс электр энергиясының ішкі жеткізілімдерімен және ауқымды теміржол инфрақұрылымымен сүйемелденіп тұрады.

«Kazakhmys Mining» бөлімшесі басқа да металлдардың ауқымды көлемін, соның ішінде мырыш, күміс және алтын өндіріп отыр. 2011 жылы Қазақмыс 140 мың тонна мырыш концентратын өндіріп шығарды. Топ әлемде ең ірі деген күміс өндірушінің бірі боп табылады. (2011 жылы 13 млн. унция күміс өндірді).

«Kazakhmys Power» ағымды өндірістік қуаттылығы 2500 МВт болып отырған, 4000 МВт құрайтын жобалық қуаттылығына жеткізу үшін модернизациялау бағдарламасын жүзеге асырып отырған Қазақстандағы ең ірі деген Екібастұз ГРЭС-1 көмір электр станциясының 50 пайыздық қатысу үлесіне ие. «Kazakhmys Power» бөлімшесінде «Kazakhmys Mining» бөлімшесін электр энергиясымен қамтамасыз етіп отыратын электр станциялары мен қосалқы көмір кеніштері бар.

Қазақмыс Тобы Лондон қор биржасында айналымға қабілетті FTSE-100 компаниялар тізіміне кіреді; сондай-ақ Қазақстан қор биржасында (KASE) да саудаланып келеді. 2011 жылы Топ өнімдерінің өткізілу көлемі 3.6 млрд.АҚШ доллары болған ал операциялық пайдасы 1.2 млрд.АҚШ доллары болған.Топта шамамен 60 000 адам жұмыс істейді, яғни басым көпшілігі қазақстандық азаматтар. Қазақмыстың стратегиялық мақсаты – өндірістік активтерді оңтайландыру, өндірісті ұлғайту жөніндегі жобаларды іске асыру және де Орталық Азиядағы ауқымды табиғи ресурстарды игеру мүмкіншіліктерін кеңейтуге қатысу.